

Денсаулық сақтауды реформалау жөнінде комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Өкімі 1995 жылғы 1 тамыздағы N 270

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 1995 жылғы 3 шілдедегі тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында:

1. Денсаулық сақтауды реформалау жөнінде мынадай құрамда тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрылсын:

Тасмағамбетов И.Н. - Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің орынбасары
(төраға)

Девятко В.Н. - Қазақстан Республикасының Денсаулық
сақтау министрі (төрағаның
орынбасары)

Добрица В.П. - Қазақстан Республикасы Министрлер
Кабинеті Аппаратының Ішкі саясат
бөлімі меңгерушісінің орынбасары
(төрағаның орынбасары)

Дерновой А.Г. - Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрінің орынбасары,
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік санитарлық бас
дәрігері (хатшы)

Комиссия мүшелері:

Әбілқасымов Е.Ә. - Жәйрем-Атасу еркін экономикалық
аймағының Мемлекеттік міндетті
медициналық сақтандыру қорының
директоры

Ақанов Ә.А. - Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрлігінің Медициналық
кадрлар даярлау және олармен жұмыс
істеу бас басқармасының бастығы

Әлиев М.Ә. - Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрлігінің А.Н.Сызғанов

атындағы Хирургия ғылыми орталығының
директоры, Ұлттық ғылым
академиясының академигі

Алдашев А.А. - Қазақ дәрігерлер білімін жетілдіру
институтының ректоры

Антонова Л.П. - "Дарис" қазақ-американ бірлескен
оқу-емдеу кәсіпорынының бас
директоры (келісім бойынша)

Арыстанова С.Н. - Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрлігінің Денсаулық
сақтау экономикасы бас
басқармасының бастығы

Балмұханов С.Б. - Қазақстан Республикасы Ұлттық
ғылым академиясының медицина
бөлімінің академик-хатшысы

Бутина М.С. - Республикалық медицина
қызметкерлері кәсіподақ
комитетінің төрағасы (келісім бойынша)

Дүйсекеев А.Д. - Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрінің бірінші орынбасары

Дүрімбетов Е.Е. - Алматы облыстық денсаулық сақтау
басқармасының бастығы

Есбергенов С.Т. - Қазақстан Республикасы Министрлер
Кабинеті Аппаратының Ішкі саясат
бөлімінің референті

Жүзжанов О.Т. - Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрлігінің Республикалық
денсаулық сақтау ісінде медициналық
және экономикалық проблемалар
ғылыми орталығының директоры

Заика А.А. - Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрлігінің Ана мен
балаға медициналық көмек ұйымдас.-
тыру бас басқармасының бастығы

Ізмұхамбетов Т.Ә. - Республикалық медицина училищесінің
директоры

Камалиев М.А. - Алматы медицина институтының
әлеуметтік гигиена және денсаулық
сақтауды ұйымдастыру кафедрасының

менгерушісі

- Катков А.Л. - Қостанай облыстық психология
ауруханасының Мемлекеттік акционерлік
менталды медицина кәсіпорынының
директоры
- Қожаханов К.К. - Алматы мемлекеттік медицина
институтының проректоры
- Коробейников А.И. - Қазақстан Республикасы Еңбек
министрінің орынбасары
- Красников В.Н. - Республикалық санитарлық.-
эпидемиология станциясы бас
дәрігерінің орынбасары
- Құлмағамбетов И.Р. - Алматы медицина институтының
кафедра меңгерушісі
- Құлжанов М.К. - Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрінің орынбасары
- Мырзабеков О.М. - Республикалық "Стоматология"
ғылыми-өндірістік бірлестігінің
директоры
- Мусин Е.М. - Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрлігінің Медициналық
көмек ұйымдастыру бас басқармасының
бастығы
- Новиков А.В. - Шығыс Қазақстан облыстық денсаулық
сақтау департаменті бастығының
орынбасары
- Нұрғалиева Е.Н. - Қазақстан Республикасы Әділет
министрінің орынбасары
- Садықова А.Б. - Қазақстан дәрігерлері мен
провизорлары ассоциациясының
президенті, "Өмір үшін" медициналық
газетінің бас редакторы
- Смағұлов Қ.М. - Қазақстан Республикасы Экономика
министрінің бірінші орынбасары
- Сұлтанов С.Е. - "Медполимер" акционерлік қоғамының
бас директоры, Павлодар қаласы
- Тоқсейітов Р.К. - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрінің орынбасары
- Шарманов Т.Ш. - Қазақстан Республикасы Ұлттық

ғылым академиясының Тағамның аймақтық
проблемалары ғылыми орталығының
директоры, Ұлттық ғылым
академиясының академигі

Үрмұрзина Г.Ғ. - Алматы қалалық денсаулық сақтау
басқармасының бастығы

2. Комиссия:

бір ай мерзімде республикада денсаулық сақтауды реформалау
жоспарын бекітсін;

қажет болуына қарай министрліктер мен ведомстволардың басқа да қызметкерлерін
жұмысқа тартуына рұқсат етілсін;

атқарылған жұмыс туралы тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Министрлер
Кабинетіне хабарлап тұрсын.

Премьер-министр